



БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры: М.Изатуллаева
_____ *ИМ* тамыз 2023 жыл

Жоспар мазмұны

I. Кіріспе. 2022- 2023 оку жылындағы жұмыс қорытындысына талдау, сараптау

II . Ұйымдастыру жұмыстары

III. Ақпараттық талдау кезеңі

IV. Окүшылардың кәсіби бейімдеу бағыттындағы жұмыстар

V. Педагогикалық кадрлармен жұмыс

VI. Ата – аналармен жұмыс

**Бейінді оқытуды ұйымдастырудың мектепішілік
бақылау – талдау жұмыстары**

I. КІРІСПЕ

Қазіргі өмір талабына сәйкес білім беру мекемелерінде бейіндік оқытуды ұйымдастыру мен оған іріктеу жүргізу жұмыстары күннен – күнге өрістеуде. Бейіндік оқыту-жалпы білім беру процесінің құрылымын, мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгерту арқылы окүшылардың қызығушылығын негұрлым толық ескеруге, олардың қабілеттін дамытуға, жоғары сынып окүшыларына өздерінің кәсіби қызығушылығы мен окуын жалғастыруға қатысты ұстанған бағыт-бағдарына сәйкес білім беру үшін жағдай туғызуға мүмкіндік беретін саралау мен даралау құралы болыш табылады.

ЖОСПАРДЫҢ МАҚСАТЫ:

- ♣ Окүшылардың қызығушылық бағытын, қабілеттін, келешекте ие болуга тиісті мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру.
- ♣ Мектептің жоғары сыныштарында окүшыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырыш, әлеуметтендіруге бағыттау.
- ♣ Білім мазмұнын саралауга және әр окүшының жеке білімдік траекториясын құруға жағдай жасау.
- ♣ Орта және кәсіби білім салаларының сабактастығын жетілдіру, бағдарлы сынып окүшыларын жоғарға оку орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету.
- ♣ Окүшылардың өз бейінін анықтауына көмек жасау.
- ♣ Бағдарлы оқыту алдында бағдар беру және ақпараттандыру.
- ♣ Бейіналды дайындықта білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету болыш табылады.

Осы жұмыстарды жүзеге асыру максатында негізгі алты бағыт бойынша жоспар жасалынды. Олар:

I. Ұйымдастыру жұмысы

II. Акпараттық талдау кезеңі

III. Оқушыларды кәсіби бейімдеу бағытындағы жұмыстар

IV. Педагогикалық кадрлармен жұмыс

V. Ата – аналармен жұмыс

VI. Бейінді оқытууды ұйымдастырудың мектепшілік бақылау – талдау жұмыстары

Kіріспе

Отандық жалпы орта білім беретін мектептерді жаңартудың жетекші бағыттарының бірі – мектепті жоғары сатысында бағдарлы оқытууды енгізу болыш табылады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап бағдарлы оқуға көшуді жоспарлауда. Осыған байланысты бейінді мектепте оку процесін енгізудің және ұйымдастырудың кешенді мәселелері қарастырылуда.

Бейінді оқыту – жалпы білім беретін мектептердің жоғарға сатысында дарапап оқытуға, оқушының әлеуметтіне және мектептің жоғарғы сатысының орта және жоғарғы кәсіптік білім беру мекемелерімен сабактастығына бағытталған арнайы дайындық жүйесі.

Бейінді оқытуудың негізгі мақсаты оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құруды және оның жүзеге асырылуын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық оргада әлеуметтенеуден, оқушылардың орта және жоғары кәсіптік оку орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытууды қамтамасыз ету болыш табылады.

Аталған мақсаттарға жету үшін:

- мектептің жоғарғы сатысында бағдарлы оқытууды жаппай енгізу жағдайындағы оқыту процесінің құрамын, мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгертуді қамтамасыз ететін бағдарлы оқыту кызметінің нормативтік – құқықтық базасын жетілдіру;
- оку жоспарларының мектептік компонентін қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесінде байқаудан өткізілген қолданбалы курстар мен таңдау курстарының мәліметтер қоры ретінде тізбесін жасау;
- бейінді оқыту бағдарламаларын ресурстық түрғыда қамтамасыз ету;
- бейінді оқытуудың теориялық және әдістемелік құрайшыларын қамтамасыз ететін бағдарлы, жана буын мен ОӘК-н жетілдіру;
- бейінді емес пәндер бойынша біртұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған кіріктілген оку курстарын дайындауды ұйымдастыру;
- бейінді оқыту бағдарламалары бойынша оқытуудың типтеріне сәйкес мамандарды қайта даярлықтан өткізу;

- білім беру мекемелері мен оқытушылардың бағдарлы оқыту бағдарламаларын жузеге асыру құқығын сертификаттау;
- 9 сынып оқушыларына бағдарлы оқыту бағдарламаларын дұрыс таңдауға мүмкіндік беретін бағдаралды дайындықты жүргізу;
- Бейінді оқытудың кең көлемде жузеге асыруды қолға алу сияқты міндеттер шешілуі қажет.

Талдау, сараптау

Бейінді – бағдарлы оқыту дегеніміз оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және оларды келешекте ие болуға, кәсібіне бейімдеуді камтамасыз ететін оқу.

Откен оку жылы 9–сыныпта 30 окушы білім алды. Оқушылардың кәсіби ой – ниетін анықтау, оқушылардың мамандық туралы хабардарлығы, табандылықты зерттеу кәсіби тұлғалық типті бағалау оқушылардың кәсіби қызығушылығы мен бейімділігі, кәсіптік ынталандыруын зерттеу бағыттары бойынша сауалнамалар алынып, қорытындысы жасалынды. 2021-2022 оку жылында колледжді-10, 9 окушы 10 сыныпты жаратылыстану –математикалық бағытын жалғастыруды таңдады. 11 окушы 10 сыныпты қоғамдық-гуманитарлық бағытын таңдады, сол бағытта оқуларын жалғастыруда.

2022-2023 оку жылында мектепті бітірушілердің жоғарғы сатысында бейінді оқытудың жаратылыстану – математика бағытында 10 окушы таңдал, ҰБТ-ге 8 окушы дайындалуда, ал қоғамдық –гуманитарлық бағытта 13 окушы таңдаған , ҰБТ-ге 8 окушы дайындалуда .

Бейінді оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құрудың және оны жузеге асыруын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада әлеуметтендіруін, оқушыларды орта және жоғарғы оку орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытудың камтамасыз ету болып табылады.

Осы бағытта өткен оку жылында үш бағытта жұмыстар жүргізіліп, жузеге асырылды.

-Оқушылармен жұмыс

-Ата – аналармен жұмыс

- Педагог кадрлармен жұмыс

9–сынып оқушылармен мамандық таңдау тақырыбында шыгарма, сауалнамалар алынып, оқушылардың бағдарлы сыныптардағы таңдау курстары таныстырылып, оқушы сұранысына сәйкес курстар үйімдастыру жолға қойылып келеді. Сонымен катар ата – аналармен оқушылардың бейініне байланысты көнтеген жұмыстар жасалынды. Мәселен, ата – аналарға білім мен бағдарлы оқытуға байланысты түсініктер, мамандық таңдаудағы ата – анатың балаға тигізетін әсерін зерттейтін сауалнамалар алынды. Сонымен катар «Кәсіби білім беру жеке тұлғаны қамыту» тақырыбында ата- аналармен отырыс өткізіліп, ата – аналарға оқушының мамандық таңдауы жайлы түсінік беріліп алдағы оку

жылындағы тандау қолданбалы курс жоспарлары мен әдістемелік құралдарын жүйелі жоспарлауды міндетtelінді. Енді осы оку жылында осы атқарылған жұмыстарды жандандыру мақсатында алға мынадай міндеттерді жүктеп отырмыз.

- Окушылардың дара даму ерекшелігін, қызыгуышылығын, қоршаған ортасын танып білу
- Ата – аналармен байланысты нығайту
- Окушылардың өзін - өзі басқаруын үйымдастыру, ез бетінше кәсіби бағдар алатын жағдай қалыптастыру
- Баланың кәсіби бағдарлануына ықпал ететін іс – шаралар үйымдастыру
- Ата – аналарға акпараттық көмек беретін іс – шаралар жоспарлау
- Мектептен тыс мекемелермен мұғалімдер бірлесе отырып іс – қымыл жасау жұмысын жетілдіру
- Портфолио жұмыстарын жинақтау жетілдіру.

Енді осы оку жылында осы атқарылған жұмыстарды жандандыру мақсатында алға мынадай мақсат пен міндеттерді жүктеп отырмыз.

Мақсаты:

- Окушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құру
- Кәсіпке бағдарлау
- Жогары оку орындарына дайындау

Міндеттері:

- Бейінді оқытуды басқаруды үйымдастыру
- Мамандық тандауга бағыт беру
- Сапа көрсеткішін арттыру
- Жетістіктер лортфолиосын дамыту

Алдағы оку жылында жетілдіру мен толықтыруды қажет ететін жұмыстар :

1 Бейіналды және бағдарлы сыныптарда жаңа технологиялар бойынша сабак беретін мұғалімдердің санын арттыру курстардан өтуіне жағдай жасап, сабак процесінде қолдану деңгейін арттыру.

2. Бейінді сыныштарда жүргізілетін таңдау, қолданбалы курсарды оқыту барысында окушылардың зерттеу тақырыптармен айналысуына ықпал ете отырып, окушы мен мұғалім арасындағы бірлескен жұмысты жандандыру:
- 3 Мұғалімдердің қолданбалы, таңдау курсарында электронды оқулықтарды пайдалану, сапасын арттырудагы тәжірибесін жетілдіру.
4. Мектептегі лабораториялық кабинеттердің базасындағы көмекші оқу құралдарының ~~набылти жүйелі~~, тиімді пайдалану.

Бейінді оқыту істері жөніндегі директор орынбасары: **Ш.Жаппаров**